

Alonio·T6

GSM розеткасы

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ



4779697

Кіріспе

Alonio өнімін сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Alonio T6 GSM розеткасы құрамында GSM-модуль бар электр розеткасын білдіреді.

Негізгі функциялары:

- Розетканы мобильді телефоннан СМС пәрмендер жіберу көмегімен, немесе Мобильді Қосымша арқылы қашықтан қосу/сөндіру
- Розетканы кіріктірілген температура сезбегінен басқару (термостат режимі). Alonio T6 қоршаған орта температура-сына байланысты қуат беруді қоса алады немесе сөндіре алады. Мұндай функция температураны берілген ауқымда ұстап тұру қажет болатын тоңазытқыш немесе қыздырғыш қондырғылар үшін жарамды.
- Розетканы кесте бойынша басқару
- Электр қуатынан ажырату туралы, және температураның түсуі/көтерілуі туралы дабыл СМС хабарламалары
- Қосылатын аспаптардың ең жоғары қуаты 220В кернеуде 3500Вт аспауы тиіс
- Құрылғының қалыпты жұмыс істеуі үшін тұрақты ұялы байланыс және кез келген GSM байланыс операторының SIM-картасы қажет.

Осы пайдаланушы нұсқаулығында құрылғының функциялары және онымен жұмыс істеу толық сипатталады.

Мобильді қосымша

GSM-Розетканы басқару SMS пәрмендері көмегімен, немесе мобильдік қосымша көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Қосымша Android және iOS операциялық жүйелерінің басқаруымен болатын смартфондар үшін қолжетімді. Қосымша «Alonio T6» сұрауы бойынша «Google Play» және «AppStore» дүкендерінен қолжетімді. **Қосымша төгін.** Қосымшаны сонымен қатар сілтеме бойынша QR-кодтарда табуға болады:



Мазмұны

Сақтық шаралары

Жауапкершіліктен босату шарттары

1-тарау. Құрылғының жиынтықталымы және элементтері

1.1. Жиынтықталымы

1.2. Құрылғының сыртқы көрінісі мен элементтері

1.3. ... жарық индикаторы

2-тарау. Қысқаша нұсқаулық

2.1. SIM-картаны орнату және температура сезбегін қосу

2.2. Розетканы қосу/өшіру

2.3. Негізгі пайдаланушының нөмірін қосу

2.4. Розетканы қосу/өшіру

2.5. Қуат көзі туралы мәлімдеме

3-тарау. Қосымша теңшеулер

3.1. Құрылғы пайдаланушылары

3.1.1. Пайдаланушылар өкілеттіктерінің деңгейі

3.1.2. СМС-пәрмендер туралы

3.1.3. Негізгі пайдаланушының нөмірін қосу

3.1.4. Негізгі пайдаланушының нөмірін ауыстыру

3.1.5. Қосымша пайдаланушыларды қосу

3.1.6. Пайдаланушылардың нөмірлерін қарау

3.1.7. Пайдаланушыларды жою

3.2. Құпиясөзді ауыстыру

3.3. Розетканы қосу/өшіру

3.3.1. СМС көмегімен қосу және сөндіру

3.3.2. Батырма көмегімен қосу және сөндіру

3.4. Уақыт бойынша кейінге қалдырылған розетканы
қосу/сөндіру

- 3.5. Розетканы кесте бойынша басқару
 - 3.5.1 Кесте бойынша басқаруды қосу
 - 3.5.2. Уақыт аралығын енгізу
 - 3.5.3. Кесте функциясын сөндіру
- 3.6. Температураға байланысты розетканы басқару
 - 3.6.1. Функцияны қосу
 - 3.6.2. Температураның шекті мәндерін енгізу
 - 3.6.3. Функцияны сөндіру
- 3.7. Температураның шекті мәнінен асу туралы хабарлау
- 3.8. Розетка күйінің өзгеруі туралы СМС-хабарлау
- 3.9. Розетканың қуатының өзгеруі туралы СМС-хабарлау
- 3.10. Пайдаланушыларға СМС-хабарлау
- 3.11. Ескерту тоналдық сигналы
- 3.12. Күйін тексеру
- 3.13. Ұялы желінің әлсіз сигналы туралы СМС-хабарлау
- 3.14. Розетканы арылту

4-тарау. Техникалық сипаттамалары

Қосымша. СМС-пәрмендердің тізімі



1. SIM-картаны GSM желісінің байланыс операторынан (әдеттегі өлшемдегі) сатып алыңыз.
2. SIM картасын розеткаға салу алдында, пайдаланушы PIN-кодты активсіздендіруі қажет (SIM картасын ұялы телефонға салыңыз да ПИН кодты сұрауды активсіздендіріңіз).
3. Оператордан бірнеше SMS күтіңіз және олардың бәрін жойыңыз.
4. SIM картаны активтендіру үшін ақылы қоңырау шалыңыз.
5. Розеткаға CMC пәрмендер жіберілетін SIM картада нөмірді анти нөмір анықтағыш функциясын да активсіздендіру қажет. Техникалық қолдау алу үшін GSM желісінің байланыс операторына хабарласыңыз.
6. Alonio T6 зауыттық құпиясөзін алғаш рет пайдаланған кезде өзгерте аласыз. SIM-карта құпиясөзі мен нөмірін жария етпеңіз. Бұл ақпаратты ешкімге бермеңіз.

Сақтық шаралары

- Розетка үйде немесе офисте пайдалануға арналған. Оны өнеркәсіптік жабдыққа, мысалы, ірі тоңазытқыш қондырғыларына немесе қыздырғыштарға қуат беру үшін пайдаланбаңыз.
- Бұйымды пайдалану алдында оны орнату аймағында мобильді телефондарды пайдалануға рұқсат етілгеніне көз жеткізіңіз. Олай болмаса, құрылғыны орнатпаңыз.
- Розеткаға қосылған жабдықтың энергия тұтынуы 3,5 кВт аспауы, ал тоғы - 16 амперден аспауы тиіс.
- Энергия тұтынуы 1,5 кВт жоғары электр жабдықты жерге тұйықтау қажет.
- Қысқа тұйықталмас үшін розетканың екі істікшесін бір-біріне қоспаңыз.
- Розетка ұясына қолыңызды немесе қандай да бір металл заттарды тигізбеңіз.
- Бұйым орынжайларда пайдалануға ғана арналған. Оны орынжайлардан тыс жерде, қоршаған ортаның ылғалды, шаңды немесе химиялық тұрғыдан жемір ортада пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны ашпаңыз.
- Бұйым бүлінбес үшін оны сілкімеңіз және құлатпаңыз.
- Құрылғы сымсыз сигнал таратқышы болып табылады. Басқа құрылғылардан бағыттаушы бөгеуілдерді болдырмау үшін бұйымды электрондық жабдықтан алыс орналастырыңыз.
- «Жарылу қаупі бар», «Барлық сымсыз құрылғылар сөндірілуі тиіс» және т.б. болып белгіленген аймақтарда болатын кезде құрылғыны және мобильді телефонды сөндіріп жүріңіз.
- Құрылғы жарылмас үшін оны отқа тастамаңыз.

- Розетканы өндіруші мақұлдаған қуат көздеріне ғана қосыңыз. Өзге қуат беру типтерін пайдалану құрылғыға зиян келтіруі мүмкін.
- Құрылғыны және оның элементтерін балалардық қолы жетпейтін жерде ұстаңыз.

Жауапкершіліктен босату шарттары

1. Біз құрылғыларымызды әрдайым жетілдіріп отырамыз, және кез келген сәтте, және алдын ала мәлімдеусіз, бұйымдарымызға өзгерістер енгізу құқығын өзімізде сақтаймыз.
2. Бұйымдар туралы өзекті ақпаратты <http://www.alonio.ru> адресі бойынша таба аласыз.

Заң қолданылатын жайттардан басқа, осында ұсынылған ақпараттың шынайылығына немесе сенімділігіне кепілдік бермейміз. Біз сонымен қатар құрылғының кез келген нарыққа жарайтынына немесе кез келген жерде орнатуға жарайтынына кепілдік бермейміз.

3. Біз бұйымымызды заңсыз пайдалану үшін ешқандай жауапкершілік алмаймыз.
4. Біз деректердің немесе табыстың жоғалуы үшін немесе пайдалану нәтижесінде шеккен өзге шығындар үшін ешқандай жауапкершілік алмаймыз.


1-тарау.

Құрылғының жиынтықталымы және элементтері

1.1. Жиынтықталымы



GSM-розетка (1 дана)




Температура сезбегі (1 дана)




Пайдаланушы нұсқаулығы (1 дана)

1.2. Сыртқы көрінісі мен сипаттамасы



1-сурет. Құрылғы элементтері



1.3 Индикаторы


Индикатор	Әрекет	Күйі
Қуат көзі	Жанбай тұр.	Қуат жоқ.
	Үнемі жанып тұрады.	Қуат қосылған.
GSM желісінің индикаторы	Баяу жыпылықтап тұр.	GSM желісін іздеу.
	Тез жыпылықтап тұр.	СМС өңдеу. SIM-карта жоқ немесе желіге қосылу мүмкін болмай тұр.
	Мезгіл-мезгіл жыпылықтап тұр.	Күту режимі.

2-тарау.

Қысқаша нұсқаулық

2.1. SIM-картаны орнату және температура сезбегін қосу

- SIM-картаны ағытпаға орнатыңыз.
- Сыртқы температура сезбегін 3,5-мм ағытпаға жалғаңыз.



2.2. Розетканы қосу/өшіру

Қосу:

1. Құрылғыны электр желісіне қосыңыз, желі индикаторы баяу жыпылықтай бастайды, шамамен 15 секунд өткен соң ол мезгіл-мезгіл жана бастайды. Бұл ретте ұзақ тоналды сигнал шығады. Әдепкі қалпы бойынша розетка шығысына кернеу берілмейді.
2. Розеткаға электр жабдықты қосыңыз.
3. Розетка шығысына кернеуді беру үшін бір секунд ішінде қолмен **басқарудың М** батырмасын басыңыз.

Құрылғы жадына пайдаланушылардың телефон нөмірлерін қосқаннан кейін олар СМС пәрмендер арқылы розетка жұмысын басқара алатын болады (3.2-тарауды қараңыз).

**Білуге маңызды:**

1. Егер желі индикаторы жиі жыпылықтаса, демек, SIM-картаның бірдеңесі дұрыс емес, тиісінше, құрылғының барлық функциялары да қолжетімсіз болады.
2. Желі сигналының деңгейін орнату орнында тексеріңіз:
 - розетка функцияларына ұялы желі сигналының деңгейі әсер етуі мүмкін, сондықтан құрылғының сенімді қабылдау аймағында орнатылғанына көз жеткізіңіз;
 - құрылғының ұялы желіге қосылғанына көз жеткізу үшін, алғаш рет пайдаланған кезде оған мәтіндік хабарлама жіберу қажет.

2.3. Негізгі пайдаланушының нөмірін қосу

Өз нөмірін құрылғының жадына қосу үшін негізгі пайдаланушы өз телефонынан розеткаға мынадай СМС хабарлама жіберуі тиіс: **#00#**

 **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Сізге Alonio T6 сәлем беріп тұр. Сіздің құпиясөзіңіз 1234

2.4. Розетканы қосу/өшіру

1-тәсіл: қолмен басқарудың М батырмасын бір секунд басу арқылы.

2-тәсіл: СМС-пәрмендер арқылы.

Қуат беруді қосу үшін негізгі пайдаланушы розетка нөміріне мынадай СМС хабарлама жіберуі тиіс: **#01#**

Сөндіру үшін: **#02#**

 **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Күйі: ҚОС ххС

2.5. Электр қуат беруді бақылау

Alonio T6 пайдаланушыға СМС бойынша электр қуат берудің іркілісі мен қалпына келуі туралы хабарлай алады.

220В сыртқы қуатты сөндіру.

220В сыртқы қуатты сөндірген кезде құрылғы өшеді, тиісінше, оның функцияларының біреуі де істемейтін болады. Alonio T6 бұл туралы пайдаланушыға мынадай мазмұндағы СМС бойынша хабарлайды: 220В электр қуаты

Сөндірулі 220В сыртқы қуатты қалпына келтіру:

Электр қуат беру қалпына келген кезде GSM розетка пайдаланушының телефонына мынадай мазмұндағы СМС жібереді: 220В электр қуаты қалпына келтірілді.

Бұл ретте розетканың қуат беру іркілісіне дейінгі қалпы жаңартылады. Мысалы, егер құрылғы шығысына қуат беріліп тұрған болса, онда жұмыс жаңартылған кезде ол қалпына келтіріледі.

Құрылғы пайдаланушыға қуат көзінің күйі өзгеріп тұрған сайын хабарлайтын болады. Электр қуат беруді сөндіру/қалпына келтіру туралы СМС хабарламаларды сөндіруге болады (3.8-тарауды қараңыз).

3-тарау.

Қосымша теңшеулер

3.1. Құрылғы пайдаланушылары

3.1.1. Пайдаланушылар өкілеттіктерінің деңгейі

GSM розетканы басқару үшін екі деңгейдегі өкілеттіктер бар:

Бас пайдаланушы: розетканың барлық функцияларын басқару үшін, осы пайдаланушы құрылғының жадына өз телефон нөмірін енгізуі тиіс. Осындай бір ғана нөмірді пайдалануға болады.

Қосымша пайдаланушылар: осындай 4 пайдаланушыға дейін көрсетуге болады; олардың розетка шығысына қуат беруді қосуға және сөндіруге, температураны тексеруге немесе қуат беру жағдайының өзгергені туралы хабарламалар алуға құқықтары бар.

GSM желілерінің барлық қалған пайдаланушыларының құрылғымен жұмыс істеуге құқықтары жоқ.

3.1.2. CMC пәрмендердің сипаттамасы

- Барлық CMC пәрмендерінің форматы: **#код#мазмұны#**
- 16 цифр - нөмірдің максималды рұқсат етілген ұзындығы.
- Пәрменді алғаннан кейін GSM розетка пайдаланушыларға растайтын хабарламаны жібереді.



Білуге маңызды:

- пәрменді жазған кезде «#» символын әрқашан енгізу керек;
- пәрмендерді бос орындар қалдырмай енгізу қажет

3.1.3. Бас пайдаланушының нөмірін қосу

Розетканы алғаш рет пайдаланар алдында немесе теңшеулерді бастапқы мәндерге арылтудан кейін негізгі пайдаланушының нөмірін енгізу қажет.

Нөмірді қосу үшін Бас пайдаланушы өз телефонынан құрылғыға мынадай хабарламаны жіберуі тиіс: **#00#** (1).

 **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Сізге Alonio T6 сәлем беріп тұр. Сіздің құпиясөзіңіз 1234.

3.1.4. Бас пайдаланушының нөмірін ауыстыру

Негізгі пайдаланушы сонымен қатар нөмірді де ауыстыра алады. Бұл үшін мынадай хабарламаны жіберу қажет:

#14#жаңа бас нөмір# (2).

Бұдан басқа, теңшеулерді бастапқы мәндерге арылтып та, ескі нөмірді жоюға және жаңасын енгізуге болады (2.12-тарауды қараңыз)

 **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Бас нөмір өзгертілген

Мұндай хабарлама жаңа енгізілген нөмірге жіберіледі. Тиісінше, ескі нөмірі бар пайдаланушы бұдан былай розетка-ны басқара алмайды.

3.1.5. Қосымша пайдаланушыларды қосу

Құрылғыға 4 қосымша нөмірге дейін қосуға болады.

Осы пайдаланушыларда розетка шығысына қуат беруді қосу және сөндіру үшін СМС-пәрмендер жіберуге өкілеттіктері бар.

Қосымша пайдаланушыны қосу үшін Бас пайдаланушы мынадай мәтіндік хабарламаны жіберуі тиіс:

#06#пайдаланушының нөмірі# (3).

Нөмірді **7976******* форматында енгізу керек.

Бірден бірнеше пайдаланушыны қосу үшін:

#06#пайдаланушының нөмірі#...#пайдаланушының нөмірі 4# (4).

 **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Қосымша нөмір*****тағайындалды.

3.1.6. Пайдаланушылардың қосымша нөмірлерін қарау

Нөмірлерді қарау үшін Бас пайдаланушы мынадай хабарлама жіберуі тиіс: **#06#** (5).

3.1.7. Қосымша пайдаланушыларды жою

Қосымша нөмірді жою үшін Бас пайдаланушы мынадай хабарламаны жіберуі тиіс:

#15#пайдаланушының нөмірі# (6).

Пайдаланушылардың барлық нөмірлерін жою үшін:

#15# (7).

 **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Барлық қосымша нөмірлер жойылған

3.2. Құпиясөзді ауыстыру

Құпиясөзді ауыстыру үшін негізгі пайдаланушы мынадай хабарлама жіберуі тиіс:

#04#ескі құпиясөз#жаңа құпиясөз# (8).

- 4 цифр - құпиясөздің максималды рұқсат етілген ұзындығы.
- 1234 — бастапқы құпиясөз.

✉ **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс: Жаңа құпиясөз ***.**

3.3. Розетканы қосу/өшіру

Егер розетка шығысына кернеу берілсе, оған әртүрлі электр жабдықтарды қосуға болады. Бұл ретте қуат беру индикаторы үнемі жанып тұрады. Егер де кернеу берілмесе, индикатор жанбайды, тиісінше, розетка шығысында да қуат болмайды.

3.3.1. СМС көмегімен қосу және сөндіру

Розеткаға кернеу беру үшін кез келген пайдаланушы мынадай хабарлама жіберуі тиіс: **#01#** (9).

Розетканы сөндіру үшін: **#02#** (11).

Пәрмендер Бас және қосымша пайдаланушыларға қолжетімді, алайда GSM розеткадан жауап тек Бас пайдаланушыға келеді.

✉ **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Күйі: ҚОС ххС

3.3.2. М батырмасы көмегімен қосу және сөндіру

Қолмен басқару батырмасын бір секунд басыңыз.

Осыдан кейін розетка шығысының күйін көрсететін қуат беру индикаторы жанады немесе сөнеді.

3.4. Розетканы таймер бойынша қосу/сөндіру

- Бұл функцияны СМС пәрмендері көмегімен басқаруға болады.
- Егер бұл функция белсенді болса, розетка шығысын М батырмасымен қолмен басқаруға болмайды. Бұл жағдайда құрылғыға **#11#** пәрменін жіберіп, алдымен уақыт бойынша кейінге қалдырылған қосу функциясын сөндіру қажет.
- Егер кейінге қалдырылған қосу туралы пәрмен келіп түскен кезде розетка шығысы белсенді болса, ол бірден сөнеді, және көрсетілген уақыт өткен соң қосылады. Егер де шығыс сөндірулі болса, ол уақыт бойынша кейінге қалдырылған қосу үшін тапсырылған уақыт келмейінше, сол қалпында қалады.
- Егер кейінге қалдырылған сөндіру туралы пәрмен келіп түскен кезде розетка шығысы белсенді болса, ол ағымдағы күйінде қалады, және көрсетілген уақыт өткен соң сөнеді. Егер шығыс сөндірулі болса, ол бірден қосылады, және уақыт бойынша кейінге қалдырылған сөндіру үшін тапсырылған уақыт келген кезде сөнеді.

Уақыт бойынша кейінге қалдырылған қосуды активтендіру үшін негізгі пайдаланушы мынадай хабарлама жіберуі тиіс: **#12#0#минуттар#1#** (13).

Уақыт бойынша кейінге қалдырылған сөндіруді активтендіру үшін: **#12#0#минуттар#0#** (14).

**Білуге маңызды:**

Минуттар диапазоны — 1-ден 720-ға дейін.

Таймер бойынша басқаруды сөндіру: **#11#** (15)

✉ **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Күйі: ҚОС

Таймер: ҚОС

Кейінге қалдыру уақыты: 10 мин.

3.5. Розетканы кесте бойынша басқару

3.5.1 Кесте бойынша басқаруды қосу

- Құрылғыны берілген уақыт аралығына жұмыс істеуге теңшеуге болады.
- Егер бұл функция белсенді болса, розетка шығысын қолмен басқаруға болмайды. Бұл жағдайда алдымен құрылғыға **#19#** пәрменін жіберіп кесте бойынша басқару функциясын сөндіру қажет.

Функцияны активтендіру үшін негізгі пайдаланушы мынадай хабарлама жіберуі тиіс: **#19#0#1#** (13).

✉ **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Күйі: ҚОС

Кесте: ҚОС

Жұмыс уақыты: Күн сайын 08:00-18:00

Осыдан кейін құрылғы кесте бойынша автоматты түрде қосылатын немесе сөндірілетін болады.

3.5.2. Уақыт аралығын енгізу

Енгізілген кесте құрылғыны бастапқы теңшеулерге арылтуға дейін сақталады. Дегенмен кесте функцияның өзі қосылған жағдайда ғана қолданылады. Кестені енгізу үшін негізгі пайдаланушы мынадай хабарлама жіберуі тиіс: **#20#0#Күні#Қосу уақыты#Сөндіру уақыты#** (18).

- **Күні** (апта күні): мәндер диапазоны — 0-ден 9-ға дейін.

Төменгі кестеде әр мәннің сипаттамасы берілген.

Мәні	Апта күні
0	Күн сайын
1	Дүйсенбі
2	Сейсенбі
3	Сәрсенбі
4	Бейсенбі
5	Жұма
6	Сенбі
7	Жексенбі
8	Жұмыс күндері
9	Демалыс күндері

- **Қосу уақыты, Сөндіру уақыты** (басталу және аяқталу уақыты): төрт цифрдан тұрады (ссмм); 24-сағаттық уақыт форматы пайдаланылады.
- Мысалы: **#20#0#1#0000#2130#**, мұнда 0000 — түн 00:00 (сс:мм), ал 2130 — кешкі тоғыз жарым.

 **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Күйі: СӨНД

Кесте: ҚОС

Жұмыс уақыты: Дс 00:00-21:30

3.5.3. Кесте функциясын сөндіру

Кесте бойынша басқару функциясын сөндіру үшін Бас пайдаланушы мынадай хабарлама жіберуі тиіс: **#19#0#0#** (19).

3.6. Температураға байланысты розетканы басқару

3.6.1. Функцияны қосу

- Функцияның жұмыс істеуі үшін құрылғыға сыртқы температура сезбегін қосу қажет.
- Егер бұл функция белсенді болса, розетка шығысын қолмен басқаруға болмайды. Бұл жағдайда алдымен функцияны сөндіру қажет.
- Функция жұмысының екі режимі бар: қыздыру және салқындату.
Бірінші жағдайда розетка температура тапсырылған мәннен төмен болғанда қосылады, жоғары болғанда сөнеді. Екінші жағдай керісінше, яғни Т жоғары болғанда қосылады, және төмен болғанда сөнеді.
- Пәрмен форматы **#24#0#Режим#Мин.темп.#Макс.темп.#** мұнда режим (қыздыру — 1; салқындату — 2); Мин.қарқын — төменгі шекті мәні; Макс темп. — жоғарғы.

Мысалы, **#24#0#1#15#25#** пәрмені функцияның қосылғанын, қыздыру реджимінде тұрғанын білдіреді, тиісінше, розетка 15 градус температурада қосылатын болады, және 25 градуста - сөндірілетін болады.

Функцияны қосу үшін негізгі пайдаланушы мынадай хабарлама жіберуі тиіс: **#23#0#1#** (21).

✉ **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Күйі: СӨНД, ххС Т

бақылау: ҚОС

Режим: Қыздыру

Диапазон: 19-25С

3.6.2. Температураның шекті мәндерін енгізу

Бұл үшін Бас пайдаланушы мынадай хабарламаны жіберуі тиіс:

#24#0#Режим#Мин.темп. #Макс.темп# (22).

✉ **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Күйі: СӨНД, ххС Т

бақылау: ҚОС

Режим: Қыздыру

Диапазон: 19-25С

Енді розетка енгізілген температура мәндеріне байланысты қосылатын және сөнетін болады.

❗ **Ескерту:** температура мәндері құрылғыны арылтқанға дейін сақталады.

3.6.3. Температура бойынша басқару функциясын сөндіру

Alonio-T6 құрылғысында функцияны сөндіру үшін Бас пайдаланушы мынадай хабарлама жіберуі тиіс: **#23#0#0#** (23).

✉ **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Күйі: СӨНД, ххС Т

бақылау: СӨНД

Режим: Қыздыру

Диапазон: 19-25С

3.7. Температураның шекті мәннен шыққаны туралы хабарлау

Құрылғыға температуралар диапазонын алдын ала енгізуге болады, және қоршаған орта температурасы белгіленген мәннен асса немесе төмен түссе, розетка пайдаланушыға бұл туралы автоматты түрде СМС хабарлама жібереді. Функцияның жұмыс істеуі үшін температура сезбегі болуы қажет.

Функцияны теңшеу үшін Бас пайдаланушы мынадай СМС-пәрмендердің бірін жіберуі тиіс.

Функцияны қосу: **#21#0#1#** (25).

Шекті мәндерді енгізу:

#22#0#Мин.темп.#Макс темп.# (26).

• **мин.темп., Макс темп. : шекті мәндер** –

бұл бүтін сандар; -10-нан 50-ге дейінгі диапазонда тапсырылады. Функцияны сөндіру: **#21#0#0#** (27).

✉ **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Күйі: СӨНД, ххС

Темп. туралы хабарлау: ҚОС

Диапазон: 20-25С

3.8. Розетка күйінің өзгеруі туралы СМС-хабарлау

Әдепкі қалпы бойынша розетканың күйі өзгерген кезде СМС-хабарлау функциясы қосылған. Бұл функцияны Бас нөмірден сөндіруге болады.

Функцияны теңшеу үшін Бас пайдаланушы мынадай СМС-пәрмендердің бірін жіберуі тиіс.

Функцияны қосу: **#03#1#** (32).

Функцияны сөндіру: **#03#0#** (33).

 **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

M пернесін басқан кезде СМС хабарлау - СӨНД

3.9. Розетканың сыртқы электр қуатының өзгеруі туралы СМС-хабарлау

Әдепкі қалпы бойынша GSM розетка пайдаланушыға сыртқы электр қуатының өзгеруі туралы СМС-хабарламалар арқылы хабарлайды.

Хабарлау мысалы: 220В электр қуаты сөндірілген
Функцияны Бас пайдаланушы қосады/сөндіреді. Функцияны қосу (әдепкі қалпы бойынша): **#05#1#** (34). Функцияны сөндіру: **#05#0#** (35).

 **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Қуат беру іркілісі кезінде СМС хабарлау - ҚОС (СӨНД)

3.10. Пайдаланушыларға СМС-хабарлау

GSM-Розетка сыртқы қуат беру жағдайы ауысқаны, температура өзгергені туралы СМС хабарламалар және басқа да ақпарат жібереді. Қосымша нөмірлерге хабарламалар жіберу сөндірілуі мүмкін.

Қосымша пайдаланушыларға СМС-хабарлауды қосу:

#16#1# (36).

Қосымша пайдаланушыларға СМС-хабарлауды сөндіру:

#16#0# (37).

 **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Қосымша нөмірлерге СМС хабарламалар - ҚОС (СӨНД)

3.11. Ескертуші дыбыс сигналы

Әдепкі қалпы бойынша розетка күйінің әрбір өзгеруі тоналды сигналмен сүйемелденеді. Ескерту функциясын бас пайдаланушы қосады/сөндіреді.

Дыбыс сигналын қосу: **#13#1#** (38).

Дыбыс сигналын сөндіру: **#13#0#** (39).

 **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Дыбыс сигналы: ҚОС (СӨНД)

3.12. Күйін тексеру

Бұл үшін бас пайдаланушы мынадай пәрменді жіберуі тиіс: **#07#** (40).

 **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Күйі: ҚОС **С

Уақыт бойынша (таймер бойынша) кейінге қалдырылған басқару теңшеулерін қарау: **#34#** (41).

 **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Таймер: ҚОС

Тип: ҚОС

Кейінге қалдыру уақыты: 4 мин.

Кесте теңшеулерін қарау: **#33#** (42)

 **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Күйі: СӨНД

Кесте: ҚОС

Жұмыс уақыты: Күн сайын 08:00-18:00

Температураға байланысты басқару функциясының теңшеулерін қарау: **#32#** (43).

 **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Күйі: СӨНД, **С Т

бақылау: ҚОС

Режим: Қыздыру

Диапазон: 18-24С

Температураның күрт өзгеруі туралы хабарлау функциясы үшін мәндерді қарау: **#35#** (44).

✉ **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

Күйі: СӨНД, **С

Темп. туралы хабарлау: ҚОС

Диапазон: 20-25С

3.13. Ұялы желінің әлсіз сигналы туралы СМС-хабарлау

Егер сигнал тыс әлсіз болса, розетка әдепкі қалпы бойынша бұл туралы пайдаланушыға хабарлайды. Функцияны негізгі пайдаланушы қосады/сөндіреді. Функцияны теңшеу үшін негізгі пайдаланушы мынадай пәрмендердің бірін жіберуі тиіс.

Желі сигналын тексеру: **#27#** (45).

Әлсіз сигнал туралы СМС-хабарлауды қосу: **#27#1#** (46).

СМС-хабарлауды сөндіру: **#27#0#** (47).

✉ **Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:**

СМС Әлсіз GSM сигналы туралы хабарлау - ҚОС
(СӨНД) немесе GSM сигналы XXX

3.14. Розетканы арылту

- Функция барлық теңшеулерді бастапқы мәндерге арылтады, оның ішінде телефон нөмірлерін, кесте және температура деректерін жоюды қоса алғанда.
- Егер құрылғы дұрыс істемесе немесе дұрыс теңшеулер енгізілмесе, оны бастапқы күйіне дейін арылтуға болады.

❗ Ескерту: осы функцияны пайдаланған кезде мұқият болыңыз, себебі арылту кезінде барлық енгізілген параметрлер жойылады.

1-тәсіл: **M** қолмен басқару батырмасын 5-10 секунд басып тұрыңыз, ұзақ дыбыс сигналын күтіңіз.

2-тәсіл: Бас пайдаланушы мынадай хабарлама жіберуі тиіс: **#08#құпиясөз#** (48).

Әдепкі құпиясөз — **1234**

✉ Құрылғыдан мынадай жауап келуі тиіс:

Alonіo T6 зауыттық теңшеулерге қайта жүктелуі сәтті орындалды.

Операция сәтті аяқталған жағдайда ұзақ тоналды сигнал шығады (егер қосулы болса).

4-тарау.

Техникалық сипаттамалары

Қуат берудің кіріс кернеуі	220 В/50Гц
Шығыс кернеу	220 В/50Гц
Максималды жүктеу тогы	16А
Жұмыс температурасы	-10°C~+50°C
Сақтау температурасы	-20°C~+60°C
Салыстырмалы ылғалдылық	10-90%, конденсаттың түзілуінсіз
Байланыс хаттамасы	GSM 2G (850/900/1800/1900 МГц)
Интерфейс	SIM-картаға арналған ағытпа
Сыртқы сезбектің температу- ралар диапазоны	-10°C~50°C

Қосымша. SMS-пәрмендердің тізімі

Санат	Функция	№	Пәрмен
Пайдаланушылармен жұмыс істеу	Бас пайдаланушының нөмірін қосу	(1)	#00#
	Бас пайдаланушының нөмірін ауыстыру	(2)	#14#жаңа нөмір#
	Қосымша пайдаланушыны қосу	(3)	#06#пайдаланушының нөмірі#
	Бірнеше пайдаланушыны қосу	(4)	#06#пайдаланушының нөмірі#...#пайдаланушының нөмірі4#
	Пайдаланушылардың нөмірлерін қарау	(5)	#06#
	Қосымша пайдаланушыны жою	(6)	#15#пайдаланушының нөмірі#
	Барлық қосымша пайдаланушыларды жою	(7)	#15#
	Қосымша пайдаланушыларға SMS-хабарлауды қосу	(8)	#05#1#
	Қосымша пайдаланушыларға SMS-хабарлауды сөндіру	(8)	05#0#
Құпиясөз	Құпиясөзді ауыстыру (әдепкі құпиясөз — 1234)	(10)	#04#ескі құпиясөз #жаңақұпиясөз#

Розетканы қосу/ сөндіру	Розетканы қосу	(9)	#01#
	Alonio T6 сөндіру	(11)	#02#
Уақыт бойынша кейінге қалдырылған басқару	Alonio T6 біршама минуттан соң қосу	(13)	#12#0#минуттар#1#
	Alonio T6 біршама минуттан соң сөндіру	(14)	#12#0#минуттар#0#
	Кейінге қалдырылған басқару функциясын сөндіру	(15)	#11#
	Alonio T6 құрылғысында кестені қосу	(17)	#19#0#1#
Кесте бойынша басқару	Уақыт аралығын енгізу	(18)	#20#0#Күн#Қосу уақыты#
	Alonio T6 құрылғысында кестені сөндіру	(19)	#19#0#0#
Температураға байланысты басқару	Alonio T6 құрылғысында басқаруды қосу	(21)	#23#0#1#
	Шекті мәндерді және режимді енгізу	(22)	#24#0#режим#мин. темп. #макс.темп. #
	Alonio T6 құрылғысында басқаруды сөндіру	(23)	#23#0#0#
	Alonio T6 құрылғысында хабарлауды қосу	(25)	#21#0#1#
Шекті мәннен асу туралы хабарлау	Шекті мәндерді енгізу	(26)	#22#0#мин. темп. #макс. темп. #
	Alonio T6 құрылғысында хабарлауды сөндіру	(27)	#21#0#0#

Санат	Функция	№	Пәрмен
Температура- лардың күрт ауысуы туралы хабарлау	Хабарлауды қосу	(29)	#25#1#
	Уақыт аралығын және температура мәнін енгізу	(30)	#26#тем#уақыт#
	Хабарлауды сөндіру	(31)	#25#0#
СМС -хабарлау	Розетканың күйі өзгергені туралы СМС бойынша хабарлауды қосу (әдепкі қалпы бойынша)	(32)	#03#1#
	Күйінің өзгеруі туралы хабарлауды сөндіру	(33)	#03#0#
	Қуат көзі туралы СМС бойынша хабарлауды қосу (әдепкі қалпы бойынша)	(34)	#05#1#
	Қуат көзі туралы хабарлауды сөндіру	(35)	#05#0#
	Қосымша пайдаланушыларды СМС бойынша хабарлауды қосу	(36)	#16#1#
Дыбыс сигналы	Қосымша пайдаланушыларды СМС бойынша хабарлауды сөндіру	(37)	#16#0#
	Дыбыс сигналын қосу	(38)	#13#1#
	Дыбыс сигналын сөндіру (әдепкі қалпы бойынша)	(39)	#13#0#
	Розетка күйін тексеру	(40)	#07#
	Уақыт бойынша кейінге қалдырылған басқару теңшеулерін қарау	(41)	#34#
	Кесте теңшеулерін қарау	(42)	#33#

	Температураға байланысты басқару теңшеулерін қарау	(43)	#32#
	Температура туралы хабарлау теңшеулерін қарау	(44)	#35#
	Ұялы байланыс сигналын тексеру	(45)	#27#
	Хабарлауды қосу	(46)	#27#1#
GSM желісі сигналының деңгейі туралы хабарлау	Хабарлауды сөндіру	(47)	#27#0#
Арылту	Теңшеулерді бастапқы мәндерге арылту (әдепкі құпиясөз —1234)	(48)	#08#құпиясөз#

Ықтимал ақаулар және оларды жою

№	Ақаулық	Ықтимал себебі	Шешімі
1	Қуат беру индикаторы сөндірулі	Қуат жоқ.	Электрдің бар-жоғын тексеріңіз.
2	GSM-индикатор сөндірулі.	SIM-карта табылмады немесе сәйкестендірілмеген.	SIM-картаны дұрыс орнатыңыз: хабарлағышты сөндіріңіз және SIM-картаны қайтадан тексеріңіз.
3	Барлық функциялар сөндірілген (индикатор жұмыс істеп тұр)	SIM-картада қаражат жеткіліксіз.	SIM-картаны активтендіру мақсатында ұялы байланыс операторымен хабарласыңыз. Балансты толтырыңыз.
4	Розетка сұраудың біреуіне де жауап бермеді.	Розетка дұрыс істемей тұр.	Оны қуат көзінен ажыратыңыз, SIM-картаны тексеріңіз немесе ауыстырыңыз немесе оны зауыттық теңшеулерге қайтарыңыз.
5	Бас пайдаланушының нөмірі орнатылып қойған.	Розеткада бас пайдаланушының басқа нөмірі орнатылып қойған.	Бас пайдаланушының нөмірін өзгертіңіз немесе аспапты зауыттық теңшеулерге қайта жүктеңіз.

6	Розетка қосылғаннан кейін GSM-индикатор жыпылықтауын қойған жоқ.	Желі сигналы әлсіз	Егер ұялы телефонның сигналы да әлсіз болса, розетканы сигналы күштірек болатын басқа орынға қойыңыз да қайтадан пайдаланып көріңіз. SIM картаны шығарыңыз, телефонға салыңыз да PIN-кодты сұрауды активіздендіріңіз. Картаны розеткаға салыңыз.
7	Формат жарамсыз. Өтінеміз, тексеріп тағы да пайдаланып көріңіз.	SIM-карта ақаулы немесе сөндірулі	SIM-картаны ауыстырыңыз
8	Авторландырылған пайдаланушы жоқ	Жарамсыз пәрмен.	Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз. #00# пәрмені көмегімен бас пайдаланушының телефонын тағайындаңыз

❗ Ескерту: егер проблеманы жоғары көрсетілген нұсқаулықтың көмегімен шешу мүмкін емес болса, 8өз жергілікті дистрибьюторыңызға немесе сервис орталығына жүгініңіз.

Кепілдік міндеттемелері

Сервис орталығына жүгінген кезде сатылған күні, сатушының мөртабаны және сатып алушының кепілдік шарттармен танысқанын және кепілдік шарттарына келіскенін куәландыратын оның қолтаңбасы міндетті түрде көрсетілген өндірушінің дұрыс толтырылған кепілдік талоны болу қажет.

1. Alonio-T4 розеткасына кепілдік мерзімі – сатылған күнінен 12 ай, бірақ өндірілген күнінен 24 айдан аспауы тиіс.
2. Кепілдік мерзімі ішінде өндірушінің кінәсінен туындаған барлық ақаулықтар өндірушінің есебінен сервис орталығында жойылады. Сатып алушының розетканы пайдалану, сақтау және тасымалдау шарттары сақталған кезде ақысыз жөндеуге құқығы бар.

Кепілдікті қызмет көрсету құқығы мынадай жағдайларда жоғалуы мүмкін:

- Кепілдік талонның болмауы немесе оның дұрыс толтырылмауы.
- Егер бұйымды өндіруші өкілеттік бермеген тұлғалар немесе ұйымдар ашқан немесе жөндеген болса
- Механикалық бұзылыстар болуы, аспаптың ішіне сұйықтықтар мен бөтен заттардың түсуі.
- Желіге дұрыс қосылмау себебінен немесе кернеу ауытқуы салдарынан пайда болған ақаулық.
- Табиғи апаттар (су тасқыны, өрт және т.б.) салдарынан туындаған ақаулық
- Пайдалану шарттарын бұзу.
- Құрылғының корпусында пломбаның болмауы немесе зақымдалуы.

Аспаптың қызмет ету мерзімі – 5 жыл.

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

SilverFast _____

Сатылған күні _____

Сатушы _____

Сатушының мөрі

Бұйым тексерілді. Наразылығым жоқ.

Кепілдік шарттарымен таныстым және келісемін.

Сатып алушы _____

Қытайда жасалған.

www.alonio.ru